



ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

ҮЗДІКСІЗ ҚУАТ БЕРУ КӨЗІ

Uninterruptible Power Supply

Pacific 1000

Pacific 2000

Pacific 3000

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
Ерекшеліктері	3
Пайдаланылатын таңбалар	4
1. Қауіпсіздік техникасы ережелері	5
2. Жалпы сипаттамалары	7
2.1. Қоршаған ортаға қойылатын талаптар	7
3. Тасымалдау, сақтау, қаптамадан шығару	8
3.1. Тасымалдау және сақтау	8
3.2. Қаптамадан шығару	8
3.3. Жиынтылықты тексеру	9
4. Сыртқы көрінісі мен құрылғысы	10
4.1. Алдыңғы панель	10
4.2. Артқы панель	10
5. Бұйымды орнату және монтаждау	11
5.1. ҰҚК орнату және орналастыру	11
5.2. Тігінен орналастыру	11
5.3. Тіреуге орналастыру	12
5.4. ҰҚК-ны бір батареялық модульмен қосу	13
5.5. ҰҚК-ны бірнеше батареялық модульмен қосу	13
6. Басқару интерфейстері	14
6.1. СК-экран	14
7. Құрылғымен жұмыс істеу	16
7.1. Іске қосу және сөндіру	16
7.2. Электр желісіне қосу	16
7.3. ҰҚК-ны ДК-ға қосу	16
7.4. ҰҚК жұмыс режимдері	16
8. Коммуникациялық интерфейстер	18
8.1. Қашықтан өшіру (EPO)	18
8.2. Желілік басқару және қашықтан мониторинг үшін SNMP	18
8.3. RS-232/USB-B порты	18
9. Ақаулықтарды іздеу және жою	19
10. Техникалық қызмет көрсету	21
10.1. Аккумуляторлық батареяны орнату және ауыстыру	21
11. Кәдеге жарату және қоршаған орта	22
11.1. Қоршаған ортаны қорғау	22
12. Техникалық сипаттамалар	23
13. Кепілдік шарттары	28

КІРІСПЕ

Электрондық жабдығыңызды қорғау үшін біздің ҰҚК таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

ҰҚК сипаттамалары мен пайдалы қасиеттері бойынша толық ақпарат алу үшін осы нұсқаулықпен танысуды ұсынамыз.

Осы нұсқаулықтағы нұсқауларды орындаңыз.

ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ҰҚК сіздің сезімтал электронды жабдықтағыңызды қуаттаудағы жаңылыстарды, кернеудің төмендеуін, кернеудің секірісін, желілік шуылды, жоғары вольтты импульстарды, жиіліктің ауытқуын, ауыстырып қосу кезіндегі өтпелі процесстер мен гармоникалық бұрмалануларды қоса алғанда қуаттаумен байланысты біршама кең тараған мәселелерден қорғауды қамтамасыз етеді.

АРНАЙЫ МҮМКІНДІКТЕР



КОМПЬЮТЕРЛІК
РОЗЕТКАЛАР



АВТОНОМДЫ ЖҰМЫС
УАҚЫТЫН АРТТЫРУ



ТАЗА СИНУСОИДА



СК-ЭКРАН



АВТОМАТТЫ КЕРНЕУ
РЕТТЕГІШІ



ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ ЖӘНЕ
МОНИТОРИНГ



ЗИЯТКЕРЛІК
СЛОТ



USB-B



RS-232



ҚАШЫҚТАН
ӨШІРУ

ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ТАҢБАЛАР



Электр тоғымен зақымдану қаупі - осы таңбамен белгіленген қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау қажет.



Әрқашан сақтау қажет маңызды нұсқаулар.



Бөлек жинау және қорғасын-қышқылды аккумуляторлар үшін қорғасынның мөлшері туралы ЕС таңбасы. Аккумуляторды кәдімгі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтыруға болмайтынын, бөлек жинау және қайта өңдеу керектігін көрсетеді.



Электрлік және электрондық жабдықтардың қалдықтарын (WEEE) бөлек жинауға арналған ЕС белгісі. Бұл затты кәдімгі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтыруға болмайтынын, бөлек жинау және қайта өңдеу керектігін көрсетеді.



Ақпарат, кеңестер, көмек.



Пайдаланушы нұсқаулығын қар.

1. ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ



Осы нұсқаулықты сақтаңыз. Осы нұсқаулықта үздіксіз қоректендіру көзін (ҰҚК) және аккумуляторларды монтаждау және оларға техникалық қызмет көрсету бойынша маңызды нұсқаулар қамтылады. Осы нұсқаулықта баяндалған құрылғының жұмысына байланысты барлық ескертулерді сақтаңыз.

Адамдардың қауіпсіздігі



ҰҚК-ның кіруі мен шығуында кернеудің болу қаупі!

Осы ҰҚК қауіпті болуы мүмкін кернеулерді пайдаланады. Құрылғыны бөлшектеуге тырыспаңыз. Пайдаланушыға құрылғы бөлшектерін ауыстыруға жол берілмейді. Жөндеуді тек білікті мамандар ғана жасауы тиіс.

- Электрмонтаждауды білікті қызметкерлер орындауы тиіс.
- Кез келген батареялық модульдерді орнатуды тек білікті қызмет көрсетуші қызметкерлер ғана орындай алады.
- Айнымалы тоқтың кіру қуаттауы ажыратылған болса да, батарея құрылғы ішінде қауіпті кернеу тудыруы мүмкін.
- Қақпақты ашпаңыз: құрылғының ішкі бөліктеріне пайдаланушы қызмет көрсетпейді. Сервистік орталыққа жүгініз.
- Тоқ соғу қаупін азайту үшін ҰҚК-ны интерфейстік кабельді қосар алдында қуаттау желісінен ажыратыңыз.
- Электр тоқпен зақымдану мүмкіндігі бар құралмен жұмыс істеу кезінде барлық тиісті сақтық шараларын қабылдау қажет.
- Электр тоқпен зақымдануды болдырмау үшін ҰҚК-ны бөлшектеуге тыйым салынады. Ішінде техникалық қызмет көрсетуді пайдаланушы орындай алатын тораптар мен компоненттер жоқ. Техникалық қызмет көрсетуді тек білікті сервистік мамандар ғана жасауы тиіс.
- Электр тоқпен зақымдану қаупі. Батарея тізбегінің кіретін қоректендіру тізбегімен гальваникалық ажыратқышы болмайды, сондықтан батарея мен жер арасында қауіпті кернеу пайда болуы мүмкін. Оларға қол тигізбес бұрын, кернеудің жоқтығына көз жеткізіңіз.
- Электр тоқпен зақымдануды болдырмау үшін қорғаныштық жерге тұйықтау өткізгішімен қуаттаудың кіру/шығу сымдарын қосу алдында ҰҚК-ны өшіріп, желіден ажыратыңыз. Қорғаныштық жерге тұйықтау өткізгішін желілік өткізгіштерді қосар алдында қосу керек.
- Ауыстыру үшін тек дилер сертификаттаған батареяларды пайдаланыңыз. Дұрыс емес үлгідегі батареяларды пайдалану жарылыс, өрт, электр тоғымен зақымдануға немесе қысқа тұйықталуға әкелуі мүмкін.
- Батареяның қысқа тұйықталуы кезінде пайда болатын тоқ ауыр күйікке әкелуі мүмкін. Батареяларға қызмет көрсету алдында зергерлік бұйым, алқа, қол сағаттары мен сақиналар сияқты тоқ өткізгіш заттардың барлығын шешіңіз.
- Оқшауланған тұтқалары бар құралдармен ғана жұмыс істеу керек. ҰҚК мен батареяларға құралдар мен металл заттарды қоюға тыйым салынады.
- Құрылғымен жұмыс істеудің алдында ҰҚК-ның кіруі мен шығуында, сондай-ақ ҰҚК корпусында қауіпті кернеудің жоқтығына көз жеткізген жөн.

- ҮҚК шығуында күту режимінде қауіпті кернеу болуы мүмкін.
- ҮҚК-ның шығу розеткалары ҮҚК-ның қуаттаудан ажыратылған кезде қауіпті кернеуде болуы мүмкін.

Бұйымның қауіпсіздігі

- Нұсқауда келтірілген ҮҚК-ны қосу және пайдалану жөніндегі нұсқауларды көрсетілген тәртіппен орындау қажет.
- ҮҚК қосылатын желілік розетканың қорғаныштық жерге тұйықтау байланысы болуы тиіс, сондай-ақ сақтандырғышпен немесе автоматты ажыратқышпен қорғалуы тиіс.
- ҮҚК қосылған желілік розетка оған тікелей жақын болуы және оңай қол жетімді болуы тиіс.
- ҮҚК-ны розеткаға қорғаныштық жерге тұйықтау түйсісіз қосуға тыйым салынады. Егер бұл құрылғыны тоқтан ажырату қажет болса, оны өшіріп, желіден ажыратыңыз.
- ҮҚК оған қосылған құралдың жанында орналасуы және оңай қол жетімді болуы тиіс.
- Жану мен электр тоғының зақымдануын болдырмау үшін ҮҚК-ны температурасы мен ылғалдылығы бақыланатын, өткізгіш қоспалары жоқ атмосферасы бар үй-жайларда орнату керек.
- Жану қаупін азайту үшін ҮҚК-ны 10 А (850 Вт, 1 кВт, 1,5 кВт модельдері үшін) немесе 16 А (2 кВт, 3 кВт модельдері үшін) артық тоқтан қорғау аппараттарымен жабдықталған электр желісіне қосыңыз.
- ҮҚК-ны желілік розеткаға қосу үшін сертификатталған және тиісті таңбасы бар қуаттау кабельдерін ғана пайдалануға рұқсат етіледі (мысалы, компьютерден қуаттау кабелі).
- Құрылғыны ҮҚК-ға қосу үшін сертификатталған және тиісті таңбасы бар кабельдерді ғана пайдалануға рұқсат етіледі.
- Қорғаныштық жерге тұйықтау тізбегінің үзілуін болдырмау үшін жұмыс кезінде ҮҚК-ны ауыспалы тоқ желісінен ажыратуға тыйым салынады.
- Қуаттау сымының өткізгіштерінің қимасы жүктеме қуатына сәйкес келуі тиіс. Бұл талапты сақтамау жабдықтың зақымдануына әкеліп соғуы және өрттің шығуына әкелуі мүмкін.
- Іске қосу кезінде ҮҚК мен оған қосылған құрылғының ағу тоғының сомасы 3,5 мА-дан аспайтынына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны қуаттау желісінен ажырату кезінде сақтықты сақтау керек. Егер ҮҚК-ға техникалық қызмет көрсету қажет болса, батареяның қуат беру көзін батареяның оң немесе теріс полюсінде ажырату қажет.
- Батареяларды сондай саңылаусыз қорғасын-қышқылды батареялармен ауыстыру керек.
- ҮҚК кіруін оның жеке шығысына қоспаңыз.
- ҮҚК шығу қуаты оның номиналды мәнінен аспауы тиіс; ҮҚК артық жүктелмеуі тиіс.
- ҮҚК-ның кіруі және әрбір шығуы үшін шамадан тыс жүктемеден және қысқа тұйықталудан қорғау құрылғысын қарастыру қажет.

Ерекше сақтық шаралары

- Жарылысты болдырмау үшін батареяларды отқа лақтыруға тыйым салынады.
- Батареяларды ашуға және бөлшектеуге тыйым салынады. Ағып шыққан электролит теріге және көзге қауіпті.
- Медициналық жабдықтар мен тіршілікті қамтамасыз ету жүйелері үшін пайдалануға тыйым салынады! Ешбір жағдайда бұл құрылғы медициналық мақсаттарда, тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінде және/немесе емделушілерді күту құралдарында қолданылмауы тиіс.
- Аквариумдармен немесе олардың жанында (ылғалдылығы жоғары жерлерде) пайдалануға тыйым салынады! Тұтану қаупін болдырмау үшін ҰҚҚ-ны аквариумдармен немесе олардың жанында пайдаланбаңыз. Аквариумнан жоғары ылғалдылық ҰҚҚ тоқ өткізгіш бөліктерінде конденсаттың пайда болуына әкелуі мүмкін, бұл қысқа тұйықталуға әкеледі.
- Батарея қысқа тұйықталудың үлкен тоғына байланысты электр тоғымен зақымдану немесе күйу қаупін тудыруы мүмкін. Батареялармен жұмыс істеу кезінде келесі сақтық шараларын сақтаңыз:
 - Қол сағаттарын, сақиналарды және басқа металл заттарды шешіп тастаңыз.
 - Оқшауланған тұтқалары бар құралдармен ғана жұмыс істеу керек.
 - Резеңке биялаймен және диэлектрлік боттармен жұмыс жасаңыз.
 - Батареяларға құралдар мен металл заттарды қоюға тыйым салынады.
 - Батареяны ажыратып, қоспас бұрын оның зарядтау құрылғысын тоқтан ажыратыңыз.
- ҰҚҚ-ны тікелей күн сәулесінің немесе қыздыру аспаптарының әсеріне ұшырауы мүмкін орындарда орнатуға тыйым салынады.
- ҰҚҚ корпусындағы желдеткіш саңылауларды бөгеуге тыйым салынады.
- Тұрмыстық аспаптарды (фендер және т.б.) ҰҚҚ-ның шығыс розеткаларына қосуға тыйым салынады.
- Батареяларға қызмет көрсетуді тиісті даярлығы және қажетті қауіпсіздік шараларын білетін мамандар орындауы немесе бақылауы тиіс. Батареяларға рұқсатсыз қолжетімділікті шектеу жөнінде шаралар қолданыңыз!

2. ЖАЛПЫ СИПАТТАМАЛАРЫ

2.1. Қоршаған ортаға қойылатын талаптар

Осы нұсқаулықта сипатталған бұйымдар тоқ өткізгіш қоспалары жоқ қоршаған ортада 0-ден 40 °C дейінгі температурадағы үй-жайларда пайдалануға арналған. Сақтау кезінде қоршаған ортаның температурасы -20 °C-ден +50 °C-ге дейін.

3. ТАСЫМАЛДАУ, САҚТАУ, ҚАПТАМАДАН ШЫҒАРУ

3.1. Тасымалдау және сақтау

Сақтау шарттары

ҮҚК-ны толық зарядталған батареямен салқын, құрғақ жерде сақтаңыз. Батареяның разрядталуын болдырмау үшін барлық сыртқы кабельдерді ҮҚК-дан ажыратыңыз.

Ұзақ мерзімді сақтау

ҮҚК-ны ұзақ сақтау алдында батареяны толық зарядтау керек. Батареяның қызмет ету мерзімін ұзарту үшін оны әрбір үш ай сайын зарядтаңыз.

Тасымалдау ережелері мен шарттары

Құрылғыны түпнұсқа қаптамасында тасымалдау ұсынылады.

Кәдеге жарату қағидалары мен шарттары

Бұйымды кәдеге жарату үшін авторландырылған сервис орталығына жүгініңіз.

3.2. Қаптамадан шығару

Тексеріп қарау

ҮҚК жиынтықтылығын тексеріңіз. Тасымалдау кезінде пайда болуы мүмкін корпустың көрінетін зақымдарының жоқтығына көз жеткізіңіз.



Төмен температурада бұйымның қаптамасын ашу бұйымның ішкі және сыртқы беттерінде ылғалдың конденсациялануына әкелуі мүмкін. Бұйымды оның ішкі және сыртқы беттері толық құрғағанға дейін (электр тоқпен зақымдануды болдырмау үшін) орнатпаңыз.


ҮҚК-ны қаптамадан шығарыңыз және оны тасымалдау процесінде болуы мүмкін зақымдану бар-жоғын тексеріңіз. Қандай да бір зақымдану байқалса, құрылғыны буып, оны сатып алған жерге қайтарыңыз.




Қаптама материалдарын қалдықтарға қатысты барлық жергілікті ережелерге сәйкес кәдеге жарату қажет.

3.3. Жиынтылықты тексеру


Жеткізу жиынтығына келесі жайғасымдар кіретініне көз жеткізіңіз:




Pacific YKK



Пайдаланушы нұсқаулығы



*Қуат кабелі
1 дана*



*USB кабелі
1 дана*



*Орнату бұрыштары
2 дана*



*Бұрандалар
M4X8L
16 дана*




*Бұрандалар
M5X12L
8 дана*




*Шаң тығындары
16 дана*

4. ЖАЛПЫ КӨРІНІСІ МЕН ҚҰРЫЛҒЫСЫ


4.1. Алдыңғы панель



4.2. Артқы панель



Pacific 1000/2000



Pacific 3000

5. БҰЙЫМДЫ ОРНАТУ ЖӘНЕ МОНТАЖДАУ



Құрылғыны орнату және пайдалану алдын ала дайындықты талап етпейді. Төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

ҮҚК-ны қосу алдында кіре берісте автоматты ажыратқыш пен кері тоқтан қорғау түйістіргішін орнату қажет.

Жұмысты бастар алдында ҮҚК-ның кіруін ажырату және ҮҚК-ның кіруі мен шығуларында қауіпті кернеудің жоқтығына көз жеткізу қажет.

Кері тоқтан қорғау түйістіргішінің номиналды тоғы ҮҚК номиналды тоғынан артық болуы тиіс. Кіру автоматты ажыратқышының номиналды тоғы ҮҚК-ның кіру тоғынан артық болуы тиіс.

Жүктемелерді шамадан тыс жүктемеден және қысқа тұйықталудан қорғау үшін шығатын автоматты ажыратқыштарды қарастыру қажет.

5.1. ҮҚК орнату және орналастыру




ҮҚК-ны қорғалған, таза, желдетілетін үй-жайға орнатыңыз. ҮҚК құрылғының айналасында ауа қалыпты айналатындай етіп орнатыңыз. Орнату орнында шаң, коррозиялық булану және электр өткізгіш ластағыштар көп болмауы тиіс. ҮҚК-ны ауаның температурасы жоғары және ылғалдылығы жоғары үй-жайларда пайдалануға тыйым салынады. ҮҚК-ны үй-жайдан тыс жерде немесе температура мен ылғалдылық рұқсат етілген шектен асатын жерлерде пайдаланбаңыз.




ҮҚК-ға лазерлік принтер, плоттер және күту күйіне қарағанда айтарлықтай көп энергия тұтынатын басқа да аспаптарды ешқашан қоспаңыз. Олар ҮҚК-ны шамадан тыс жүктеуі мүмкін.

5.2. Тігінен орналастыру

1-қадам. ҮҚК-ға екі монтаждық бұрышты қоса берілген сегіз M4X8L бұрамасының көмегімен бекітіңіз.




2-қадам. Қоса берілген шаңнан қорғайтын бітеуіштерді пайдаланылмайтын бұрандалы тесіктерге салыңыз.




Орнатудың бұл тәсілі үшін ҰҚК дисплейін 90 градусқа бұру мүмкіндігі бар. Ол үшін алдыңғы панельдегі қақпақтарды шешіп, дисплей экранының астындағы түймені басыңыз. Басқаннан кейін дисплейді бүйірлік тұтқаларынан тартып шығарыңыз және оны қажетті орынға орнатыңыз. Содан кейін дисплейді кері салыңыз (сырт еткенше) және қақпақтарды алдыңғы панельге бекітіңіз.

5.3. Тіреуге орналастыру

1-қадам. ҰҚК-ға екі монтаждық бұрышты қоса берілген сегіз M4X8L бұрамасының көмегімен бекітіңіз.



2-қадам. ҰҚК-ны тіреуге орнатыңыз. ҰҚК-ны тіреуге монтаждау үшін бағыттауыштарға бет панелімен өзіңізге қаратып қойыңыз. ҰҚК-ны төрт M5X12L бұрамасының көмегімен тіреудің алдыңғы жағына бекітіңіз.




5.4. ҮҚК-ны бір батареялық модульмен қосу

1-қадам. Батарея модулін ҮҚК-ға қосу үшін аккумулятор кабелін пайдаланыңыз. Қосу кезінде дұрыс полярлықты сақтаңыз.

2-қадам. Жерге тұйықтау өткізгішін ҮҚК-дан батареялық модульге қосыңыз.

3-қадам. Дисплей параметрлерін дұрыс индикациялау үшін ҮҚК дисплейіне қосылған батареялық модульдердің нақты санын орнатыңыз.




5.5. ҮҚК-ны бірнеше батареялық модульмен қосу

1-қадам. Бірінші батарея модулін ҮҚК-ға аккумуляторлық кабельмен қосыңыз. Қосу кезінде дұрыс полярлықты сақтаңыз.

2-қадам. Екінші батареялық модульді бірінші батареялық модульге аккумуляторлық кабельмен қосыңыз. Қосу кезінде дұрыс полярлықты сақтаңыз.

3-қадам. Жерге тұйықтау өткізгіштерін ҮҚК мен батареялық модульдер арасында қосыңыз.

4-қадам. Дисплей параметрлерін дұрыс индикациялау үшін ҮҚК дисплейіне қосылған батареялық модульдердің нақты санын орнатыңыз.



6. БАСҚАРУ ИНТЕРФЕЙСТЕРІ

6.1. СК-экран

Құрылғының СК экранында келесі деректер көрсетіледі:

	КЕСТЕ. Пайдаланушылар Power Master Plus бағдарламасы арқылы компьютер мен ҰҚК қосу және ажырату кестесін баптай алады.
	ЕСКЕРТУ РЕЖИМІ. Ақаулық туралы ескерту пайда болған кезде оның себебі табылып, ақаулық коды ұсынылады.
	АҚАУЛЫҚ. Бұл белгіше ҰҚК жұмысында проблемалар болғанда пайда болады.
	ДЫБЫСЫ ӨШІРУ. Бұл таңбашасы ҰҚК дыбыссыз күйде жұмыс істегенде пайда болады. Дыбыссыз режимде дабыл белгісі батарея ең төменгі деңгейге дейін ажыратылғанға дейін берілмейді. Дыбыссыз режимді белсендіру/сөндіру үшін Enter 2 рет басу қажет.
	ЖҮКТЕМЕ
	БАТАРЕЯНЫҢ ЗАРЯДЫ Батареядан жұмыс істеу режимі: • батарея зарядының деңгейі Онлайн режимі: • батарея заряды - индикатор жолағының циклдік жарқырауы/жыпылықтауы • батарея толығымен зарядталған - үздіксіз жарқырау • зарядсыз онлайн режимі - батарея зарядының деңгейі

СК экран келесі баптау тармақтарына қатынасуға мүмкіндік береді (параметрлер мәзіріне қатынасу үшін SETUP батырмасын 5 секунд бойы басыңыз):

Теңшеулер тармағы	«Конфигурация» ішкі мәзірі	Қол жетімді баптаулар	Әдепкі түрде	СК дисплейдегі индикация
001-008	1-8 шығыс баптаулары	[dEL rbt] қайта жүктеуді кешіктіру [iMM on] дереу қосу/ [iMM oFF] дереу ажырату/ [iMM rbt] дереу қайта жүктеу	iMM on	out 001
009	Шығыс кернеуі	= [208 V] [220 V] [230 V] [240 V]	230 V	oPU 230
010	Шығу жиілігі	= [50 Гц] [60 Гц]	50 Гц	oPF 50
011	Батарея модульдерінің саны (EBM)	[0bP]/[1bP]/[2bP]	0bP	EbP 0bP
012	Зарядтау тоғы	[1 A/3 A/ 6 A] Егер сыртқы батарея модульдерінің саны > 0 болса, содан кейін 3A/6A орнатуға болады	1 A	CC 1A
013	Батареяны кіріктірілген тексеру	[10S] батареяны кіріктірілген тексеру 10s/[LoW] батареяны разрядқа дейін кіріктірілген тексеру	10s	bSt 10S
014	Ай сайынғы батарея сынағы	[EnA]/[dIS]	EnA	bnt EnA
015	Қуаттауды қосу кідірісі	[EnA]/[dIS]	EnA	Pod EnA
016	Арылту	[yES]/[No]	no	ret no

7. ҚҰРЫЛҒЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

7.1. Іске қосу және сөндіру

ҮҚК-ны қосу үшін қуат беру көзін қосу/ажырату батырмасын 2 секунд бойы басыңыз. ҮҚК дербес жұмыс режиміне (егер желілік қуаттау болмаса) не желіден жұмыс режиміне (егер желілік қуаттау ҮҚК-ға кіруге берілген болса) көшеді.

ҮҚК-ны өшіру үшін қуат беру көзін қосу/өшіру батырмасын 2 секунд бойы басыңыз. ҮҚК ажыратылады (егер оның алдында дербес күйде болса) немесе күту күйіне ауысады (егер оның алдында желіден жұмыс істесе). Күту күйінде шығулар ажыратылған; батареялар желіден зарядталады.

7.2. Электр желісіне қосу


Желілік қуаттау сымын розеткаға қосыңыз. Желілік кернеудің ҮҚК (220В) жұмысының номиналды кернеуіне сәйкестігіне назар аударыңыз.



ҮҚК қуаты мен қосылатын жүктемелердің сәйкестігіне назар аударыңыз. ҮҚК шамадан тыс жүктелмеуі тиіс.


7.3. ҮҚК-ны ДК-ға қосу

Дербес компьютермен ақпарат алмасу, қоса берілген бағдарламалық жасақтаманы пайдалану, операциялық жүйенің жұмысын автоматты түрде аяқтау және т.б. үшін ҮҚК-ны компьютеріңіздің USB-портына қосыңыз. Бұл порт ҮҚК мен қосылған компьютер арасында деректерді беруді қамтамасыз етеді. Қосылу үшін UPS артқы жағындағы RS-232 немесе USB-B ағытпасын пайдаланыңыз. Power Master Plus бағдарламалық жасақтамасын ҮҚК-ға қосылған ДК/серверге мына сілтеме бойынша орнату ұсынылады: <https://ippon.ru/support/documentation/>.

7.4. ҮҚК жұмыс режимдері

Ұстану тәртібі СК-дисплейде	Көрсетілетін параметрлер	СК дисплейдегі индикация
1 (әдепкі қалпы бойынша)	Кіріс кернеуі	
	Шығыс кернеуі	
2	Батареядан жұмыс істеудің қалған уақыты	
	Жүктеме	

Үстану тәртібі СК-дисплейде	Көрсетілетін параметрлер	СК дисплейдегі индикация
3	Батареяның заряды	
	Ішкі температура	
4	1-шығыстың жай-күйі	
	2-шығыстың жай-күйі	
5-7	3 - 8 оF шығу жай-күйі - шығуда қуаттау жоқ (күту режимінде ҮҚК) on - шығуда қуаттау бар; ҮҚК қосылған және жұмыс істейді	
Жұмыс режимдері	Сипаттамасы	СК дисплейдегі индикация
Желілік режим (желіден қуаттау) /AVR режимі	Жүктеме электр желіден қуатталады. Бір уақытта аккумулятор зарядталады.	
Күту режимі	ҮҚК ажыратылған, шығуларға қуаттау берілмейді, бірақ батарея әлі де зарядталуы мүмкін.	

Жұмыс режимдері	Сипаттамасы	СК дисплейдегі индикация
Автономды режим (батареядан қуаттау)	ҮҚК жүктемесі батареядан қуатталады.	
Апаттық жұмыс	ҮҚК апат режимінде, пайдаланушы апаттық кодын СК-дисплейден көре алады.	

8. КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ИНТЕРФЕЙСТЕР

8.1. Қашықтан өшіру (EPO)

ҮҚК-ның осы үлгілері үшін қуаттауды қашықтықтан апаттық ажырату функциясы бар.

Жасыл түсті EPO жалғағышы (қуаттауды апаттық сөндіру) ҮҚК артқы панелінде орналасқан. Апаттық жағдай туындаған кезде ҮҚК-ны қашықтықтан сөндіруге болады.

8.2. Желілік басқару және қашықтан мониторинг үшін SNMP

Осы үлгілер үшін құрылғының артқы панелінде қашықтықтан басқару және желі бойынша мониторинг үшін қосымша SNMP картасын орнату үшін слот бар.

8.3. RS-232/USB-B порты

Бұл порттар ҮҚК мен компьютер арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. ҮҚК қуаттаудың апаттық ажыратылуы кезінде компьютер жұмысының аяқталуын басқаруы, ал компьютер ҮҚК жұмысының бақылауын және оның әртүрлі бағдарламаланатын параметрлерін өзгертуі мүмкін.

9. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Оқиға	Ықтимал себебі	Жою бойынша әрекеттер
Ескерту		
Шығу бойынша артық жүктеме	Қосылған жабдықтың қуаты ҰҚК-ның ең жоғары шығу қуатынан асады. Егер ҰҚК желілік режимде болса, ол дабыл белгісін береді немесе кіру автоматты ажыратқышын ашады; егер ҰҚК батареядан қуаттау режимінде болса, ол ажыратылады.	Қосалқы құрылғыны өшіріңіз. Егер бұл шамадан тыс жүктеме мәселесін шешсе, ҰҚК қалыпты жұмыс режиміне көшеді.
Батареялардан қуаттау режимі	Жүктемені қуаттау ҰҚК батареясынан жүзеге асырылады.	Деректерді ашық бағдарламаларда сақтаңыз және жұмысты аяқтау рәсімін орындаңыз.
Батарея зарядының төмен деңгейі	ҰҚК жүктемені батареядан қуаттайды және оның өте төмен кернеуінен жақын арада ажыратылады.	ҰҚК электр желісінен қуаттау жаңартылғаннан кейін автоматты түрде қайта іске қосылады.
Батарея ажыратылған/ Батареяны ауыстыру	Батареядан қуаттаудың болмауы.	Батарея модульдерін пайдаланғанда батарея жалғағышын тексеріңіз.
	ҰҚК батарея сынағынан өтпеді.	Батареяңызды ауыстыру үшін техникалық көмекке хабарласыңыз.
ЕРО сөндірулі	ЕРО қосылымы жоқ.	ЕРО қосылымын тексеріңіз.
Ақаулық		
Артық қызу	Қоршаған ортаның жоғары температурасы.	1. ҰҚК сөндіріңіз. Желдеткіштің жұмыс істеп тұрғанын және желдеткіш саңылауының жабылмағанын тексеру үшін ҰҚК-ны қайта қосыңыз. 2. Жөндеу үшін дилерге хабарласыңыз.
Шығудағы қысқа тұйықталу	Жүктеме тізбегіндегі қысқа тұйықталу.	1. ҰҚК сөндіріңіз. 2. Қосылған құрылғының ақауы болуы мүмкін. Оны ажыратып, қайта тексеріңіз.
Жоғары шығу кернеуі	Шығу кернеуі ең жоғары мәннен асады.	1. ҰҚК сөндіріңіз. 2. Жөндеу үшін дилерге хабарласыңыз.
Төмен шығу кернеуі	Шығу кернеуі ең төменгі мәннен төмен.	

Басқасы		
ҮҚК қосылмайды	Қоршаған ортаның жоғары температурасы, немесе желдеткіштің ақаулығы, немесе батарея зарядының төмен деңгейі, немесе қуаттаудың апаттық ажыратылуының (ЕРО) іске қосылуы.	1. ҮҚК қайта іске қосыңыз. Апаттық сигналдардың болуын тексеріңіз. Проблеманы жою бойынша тиісті ұсынымдарды орындаңыз. 2. Жөндеу үшін дилерге хабарласыңыз.

Төменде апаттық сигналдар кодтарының сипаттамасы берілген:


Коды	Себептің сипаттамасы
E06	Инверторды бірқалыпты іске қосудың істен шығуы: инверторлық түрлендіргіштің сызбасы жарамсыз.
E07	Инвертордың жоғары кернеуі: инверторлық түрлендіргіш сызбасының немесе шығу кернеуін өлшеу сызбасының ақаулығы.
E08	Инвертордың төмен кернеуі: тым үлкен жүктеме немесе инверторлық түрлендіргіштің сызбасы жарамсыз.
E09	Инвертордың КЗ: инверторлық түрлендіргіштің сызбасы жарамсыз.
E11	Батареяның жоғары кернеуі: сыртқы батарея модулінің дұрыс қосылмауы немесе зарядтау құрылғысының бұзылуы.
E12	Батареяның төмен кернеуі: батареяның ақаулығы
E14	Артық жүктеме: ҮҚК артық жүктелген.
E18	Желдеткіштің ақаулығы: желдеткіш саңылауы жабылған немесе желдеткіш жұмыс істемейді.
E19	Қызу: қоршаған ортаның жоғары температурасы немесе желдету саңылауы жабылған.
A56	Батареяның төмен кернеуі: батареяның төмен кернеуі.
A57	Батарея сыйымдылығы төмен: батарея сыйымдылығы төмен.
A59	Батарея ажыратылған: батареяны ажыратылған.
A62	Батареяның ақауы: батарея ақаулы.
A64	Жүктеменің артуы туралы ескерту: ҮҚК артық жүктелген.
A66	ЕРО режимі (қуаттауды апаттық ажырату) белсенді: ЕРО қосылымы жоқ.
A68	Қызу: қоршаған ортаның жоғары температурасы немесе желдету саңылауы жабылған.
A69	Желдеткішті бұғаттау: желдеткіш бұғаттаудан айналмайды.

10. ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ


10.1. Аккумуляторлық батареяны орнату және ауыстыру

ҮҚК-ны пайдалану процесінде, сондай-ақ батареяның табиғи ескіру процестерінің салдарынан ҮҚК-ның автономды жұмыс мерзімі азаюы мүмкін. Бұл жағдайда батареяларды ауыстыру үшін сервистік қызметке жүгінуге кеңес береміз. Батареяны орнату және ауыстыру үшін мынадай қадамдар жасау қажет:


1-қадам. Алдыңғы панельді алып тастаңыз. Батарея кронштейнын бекіту бұрандаларын шешіп алып, қақпақты шешіңіз. Жалғағышты ажыратыңыз.




2-қадам. Батареясы бар науаны мұқият алыңыз. Содан кейін жаңа батареясы бар науаны бөлікке қайта орнатыңыз.



3-қадам. Батареяның кронштейнін бекітіңіз, содан кейін жалғағыштарды орнатыңыз. Жалғағыштарды кронштейнге орнатыңыз.



4-қадам. Батарея кронштейнын мен алдыңғы панельдің бұрандаларын қатайтыңыз.



5-қадам. Автономды жұмыс уақытына және дисплейдің индикациясына сәйкес келу үшін батареяларды жабдықтың тиісті конфигурациясы үшін батареяларды зарядтау уақытының кестесінде көрсетілген уақыт ішінде зарядтау қажет.

11. КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА

11.1. Қоршаған ортаны қорғау

Бұйымдар қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптармен жобаланған.

Заттар

Бұйымда ХФК, ХФФК және асбест жоқ.

Қаптама

Қалдықтарды кәдеге жаратуды жақсарту және оларды қайта өңдеуге ықпал ету үшін қаптаманың компоненттерін бөліңіз.

- Бұйым үшін пайдаланылатын картон 50 % артық қайта өңделген материалдан тұрады.
- Пакеттер мен қаптар полиэтиленнен жасалған.
- Қаптама материалдары қайталама өңдеуге жарамды. Қаптама материалдарын кәдеге жарату жөніндегі барлық жергілікті ережелерді сақтаңыз.

Бұйым

Бұйым негізінен өңделетін материалдардан жасалған. Кәдеге жарату мақсатында бөлшектеу қалдықтарға қатысты барлық жергілікті ережелерге сәйкес жүргізілуі тиіс. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін бұйымды қайта өңдеу орталықтарына, пайдаланылған электр және электрондық жабдықты (WEEE) қайта пайдалану және қайта өңдеу зауыттарына жіберу қажет.

Батареясы



Pb

Бұйымда қорғасын-қышқылды батареялар орнатылған. Дұрыс кәдеге жарату үшін қауіпті қалдықтарды кәдеге жаратуды реттейтін жергілікті нормативтік құжаттарды басшылыққа алыңыз.

12. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

ҮЛГІСІ:	Pacific 1000	Pacific 2000	Pacific 3000
ID	1974624	1976000	1976002
Топология	Таза синусоидпен желілік-интерактивті		
Шығыс			
Толық қуаты	1000 ВА	2000 ВА	3000 ВА
Белсенді қуат	900 Вт	1800 Вт	2700 Вт
Номиналды кернеу	208/220/230/240 В (опционалды түрде)		
Кернеудің тұрақтылығы	± 10 %		
Номиналды жиілік	50/60 Гц		
Жиіліктің тұрақтылығы	± 1 %		
Кернеу пішіні	Таза синусоида		
Ауыстырып қосу уақыты	2-6 мс, макс. 10 мс		
Қуат коэффициенті	0.9		
Кернеу бойынша гармоникалық ауытқулар коэф. (автономды режим)	<5%		
Батареядан қоректендіретін ағытпалар	GPS40		
Кіріс			
Номиналды кернеу	220-240 В		
50 % жүктеме кезіндегі кернеу диапазоны*	165-290 В		
100 % жүктеме кезіндегі кернеу диапазоны*	165-290 В		
Жиілік ауқымы	45-65 Гц		
Қуаттау ағытпасы	IEC C14		IEC C20
Батареялар			
Типі	Қорғасын-қышқылды		
Орнатылған батареялар	(12В/9АсАғ)*2	(12В/9АсАғ)*4	(12В/9АсАғ)*6
30 % жүктеме кезінде автономды жұмыс істеу уақыты	16 мин	18 мин	18 мин
50 % жүктеме кезінде автономды жұмыс істеу уақыты	8 мин	9 мин	9 мин
70 % жүктеме кезінде автономды жұмыс істеу уақыты	4 мин	4 мин	4 мин
100 % жүктеме кезінде автономды жұмыс істеу уақыты	2 мин	2 мин	2 мин
Зарядтың толық біту күйінен зарядтау уақыты	8 сағат (толығырақ батареяларды зарядтау уақыты кестесінен қараңыз)		
Автономды жұмыс мерзімін ұзарту мүмкіндігі	Сыртқы батарея модуліне байланысты		

ҮЛГІСІ:	Pacific 1000	Pacific 2000	Pacific 3000
Қорғаныс және сүзгілеу			
Қысқа тұйықталудан	Ажыратқыш + бағдарламалық қорғаныс		
Желілік режимдегі асқын жүктемеден	Жүктеме кезінде > 110 % - үздіксіз сигнал беру Жүктеме кезінде < 100 % - қалыпты жағдайға қайту		
Батареяның жұмыс режимінде асқын жүктемеден	> 110 % жүктеме кезінде - бір минуттан кейін өшеді < 100 % жүктеме кезінде - қалыпты күйге қайту > 120 % жүктеме кезінде - дереу сөнеді		
Жоғары вольтты шығарындылардан	695 Дж		
ПЭК			
Желілік режимде	> 96 %		
ЕСО** режимінде	> 98%		
Байланыс, басқару және әкімшілеу құралдары			
ДК-мен байланыс	Иә		
Қолдаулы ОЖ	Windows, Linux, MacOS және т.б.		
Пайдаланушының интерфейсі	RS-232, USB		
Опционалды карталарға арналған әмбебап слот	Иә		
Қуаттауды апаттық өшіру (EPO)	Иә		
Физикалық сипаттамалары мен қасиеттері			
Өлшемдері ЕхБхТ	438 x 88 x 430 мм	438 x 88 x 430 мм	438 x 88 x 610 мм
Қуат беру көзі кабелінің ұзындығы	1080 мм		
USB-кабельдің ұзындығы	1110 мм		
Таза салмағы	15.8 кг	24.4 кг	35.9 кг
Жалпы салмағы	18 кг	26.5 кг	38.4 кг
Салқындату	Мәжбүрлі		
Жасалған шу деңгейі	< 42 дБ	< 45 дБ	< 50 дБ
Қабықты қорғаудың дәрежесі	IP20		
Пайдалану шарттары			
Температура ауқымы	0-ден +40 °С-қа дейін		
Салыстырмалы ылғалдылық ауқымы	10-90% (конденсациясыз)		
Теңіз деңгейінен биіктік диапазоны***	0-3000 м		
Сақтау шарттары			
Температура ауқымы	-20-ден +50 °С-қа дейін		
Салыстырмалы ылғалдылық ауқымы	10-90% (конденсациясыз)		
Теңіз деңгейінен биіктік диапазоны***	0-3000 м		
Стандарттарға сәйкестік			
ЕурАзЭҚ төмен вольтті жабдықтардың қауіпсіздік талаптары	ТР ТС 004/2011		
ЕурАзЭҚ электромагниттік үйлесімділігі	ТР ТС 020/2011		

* 197-203 В және 168-179 В кіру кернеуінің диапазондарында шығу кернеуі $230\text{ В} \pm 10\%$ мәнінен ерекшеленуі мүмкін.

** ЕСО режимі келесі шарттар орындалғанда іске қосылады:

- УҚК батареясы кернеуінің өзгеруі $\pm 0.1\text{ В}$ аспайды
- батарея заряды 100% тең
- жоғарыда аталған шарттарды кемінде 8 сағат бойы сақтау

*** Егер биіктік 1000 м асса, УҚК номиналды қуаты әрбір 100 м биіктікті ұлғайту кезінде 1% төмендейді.



Құрылғының техникалық сипаттамалары, сондай-ақ осы Пайдаланушы нұсқаулығының мазмұны алдын ала хабардар етілмей өзгертілуі мүмкін

Жүктеме шамасына және пайдаланылатын ҰҚК/ЕВМ байланысты автономды жұмыс уақыты

Жүктеме/ Авто- номды жұмыс уақыты	Pacific 1000	Pacific 1000 + 1ЕВМ	Pacific 1000 + 2ЕВМ	Pacific 2000	Pacific 2000 + 1ЕВМ	Pacific 2000 + 2ЕВМ	Pacific 3000	Pacific 3000 + 1ЕВМ	Pacific 3000 + 2ЕВМ
50 Вт	108 мин	470 мин	860 мин	240 мин	930 мин	1780 мин	360 мин	1500 мин	2850 мин
100 Вт	40 мин	180 мин	350 мин	107 мин	410 мин	780 мин	170 мин	670 мин	1280 мин
200 Вт	19 мин	85 мин	170 мин	49 мин	170 мин	330 мин	76 мин	280 мин	540 мин
400 Вт	8 мин 15 с	42 мин	87 мин	23 мин 30 с	67 мин	113 мин	32 мин	140 мин	250 мин
600 Вт	4 мин 30 с	20 мин	22 мин	16 мин	47 мин	80 мин	23 мин 30 с	70 мин	135 мин
800 Вт	2 мин 40 с	7 мин	7 мин	11 мин	36 мин	60 мин	20 мин	51 мин	89 мин
900 Вт	2 мин 5 с	3 мин 30 с	3 мин 30 с	9 мин 25 с	30 мин	52 мин	16 мин	46 мин	78 мин
1000 Вт	-	-	-	7 мин 30 с	24 мин	46 мин	13 мин	38 мин	70 мин
1200 Вт	-	-	-	5 мин	19 мин	22 мин	11 мин	31 мин	58 мин
1400 Вт	-	-	-	4 мин 10 с	12 мин	12 мин	8 мин 40 с	26 мин	47 мин
1600 Вт	-	-	-	2 мин 35 с	7 мин	7 мин	6 мин	23 мин	30 мин
1800 Вт	-	-	-	2 мин 15 с	3 мин 30 с	3 мин 30 с	4 мин 15 с	18 мин	22 мин
2000 Вт	-	-	-	-	-	-	3 мин 40 с	15 мин	15 мин
2200 Вт	-	-	-	-	-	-	3 мин 20 с	9 мин 30 с	9 мин 30 с
2400 Вт	-	-	-	-	-	-	3 мин 5 с	7 мин	7 мин
2700 Вт	-	-	-	-	-	-	2 мин 50 с	3 мин 30 с	3 мин 30 с

Заряд тоғына және пайдаланылатын ҰҚК/EBM байланысты батареяларды зарядтау уақыты

	Зарядтау тоғы		
	1 А	3 А	6 А
Үлгісі	Зарядтау уақыты (90% және одан жоғары)		
Pacific 1000	8 сағ	-	-
Pacific 1000 + 1EBM	24 сағ	8 сағ	4 сағ
Pacific 1000 + 2EBM	40 сағ	13 сағ	7 сағ
Pacific 2000	8 сағ	-	-
Pacific 2000 + 1EBM	24 сағ	8 сағ	4 сағ
Pacific 2000 + 2EBM	40 сағ	13 сағ	7 сағ
Pacific 3000	8 сағ	-	-
Pacific 3000 + 1EBM	24 сағ	8 сағ	4 сағ
Pacific 3000 + 2EBM	40 сағ	13 сағ	7 сағ

13. КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ

Өндіруші соңғы пайдаланушы бірінші рет сатып алған кезде және кепілдік мерзімі ішінде құрылғы материалдарында және өндірістік ақауларда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілді қызмет көрсету құқығын растау үшін кассалық чекті немесе құрылғыны сатып алу фактісін растайтын басқа құжатты сақтаңыз. Кепілдік құқығы тек сатып алынған елде ғана жарамды.

Өндірушінің бұйымда белгілеген кепілдік мерзімі мен қызмет мерзімі кестеде көрсетілген:

Өнім	Үлгілері	Сату күнінен бастап	Өндірілген күннен бастап	Құрамындағы АҚБ-ға кепілдік	Қызмет мерзімі
ҰҚК	Innova Modular BlackRock	Пайдалануға енгізілген күннен бастап 2 жыл	3 жыл	Пайдалануға енгізілген күннен бастап 2 жыл	15 жыл
	Innova RT II Innova RT 33 Innova RT 3/1 Innova Unity RT 3-3	Пайдалануға енгізілген күннен бастап 2 жыл	3 жыл	Пайдалануға енгізілген күннен бастап 2 жыл	10 жыл
	Басқалары	2 жыл	30 ай	Негізгі құрылғы-дағыдай	7 жыл
Батареялы блоктар	Innova RT II Innova RT 33 Innova RT 3/1	Пайдалануға енгізілген күннен бастап 2 жыл	3 жыл	Пайдалануға енгізілген күннен бастап 2 жыл	5 жыл
	Басқалары	2 жыл	30 ай	Негізгі құрылғы-дағыдай	3 жыл
ҰҚК аксессуарлары	Барлығы	2 жыл	30 ай	Жоқ	3 жыл
Қуаттауды бөлу	Барлығы	2 жыл	30 ай	Жоқ	3 жыл
Тұрақтандырығыштар	Барлығы	2 жыл	30 ай	Жоқ	3 жыл
Аккумуляторлық батареялар	Номиналды сыйымдылығы 5-тен 100 Асағқа дейінгі модельдер	1 жыл	2 жыл	Жоқ	5 жыл
	L индексі / номиналды сыйымдылығы 100 Асағ болатын модельдер	1 жыл	2 жыл	Жоқ	10 жыл
Желілік сүзгілер	Барлығы	1 жыл	2 жыл	Жоқ	2 жыл
Қуат беру бейімдегіштері	Барлығы	1 жыл	2 жыл	Жоқ	3 жыл

Ірпон өнімдерін пайдалану кезінде мәселелер мен қиындықтар туындаған жағдайда, Сізден техникалық қолдау қызметіне <https://ippon.ru/support/help/> «Қолдау» бөлімінде хабарласуыңызды сұраймыз.

Егер Ірпон құрылғысы кепілдік қызметін қажет етсе, сатушыға немесе IPPON кез келген авторландырылған сервис орталығына (бұдан әрі-АСО) хабарласыңыз. АСО толық тізімімен <https://ippon.ru/support/centers/> «Қолдау» бөлімінде сайтында танысуға болады.

Кепілдікті қызмет алу үшін құрылғымен бірге кассалық чекті немесе IPPON бұйымын сатып алу фактісі мен күнін растайтын өзге де құжатты көрсету қажет. Мұндай растау болмаған кезде кепілдік мерзімі құрылғы шығарылған күннен бастап есептеледі.

Innova RT II, Innova RT 33, Innova RT 10K/20K, Innova Modular және оларға арналған батарея блоктарына кепілдік іске қосу-реттеу жұмыстары (ІҚР) жүзеге асырылған сәттен бастап қолданылады. Кепілдіктің қажетті шарты Ірпон немесе авторландырылған сервис орталықтарының инженерлері ІҚР-ді жүзеге асыруы болып табылады. Кепілді қызмет алу үшін ІҚР орындау туралы актіні ұсыну қажет.

ҰҚК немесе батарея блогының құрамына енетін аккумуляторлық батареяларға кепілдік батареялардың зауыттық жиынтығына қолданылады.

Осы кепілдік қолданылмайды және қамтымайды:

- Іске қосу-реттеу жұмыстары, профилактикалық қызмет көрсету, баптау және басқа да ілеспе жұмыстар бойынша қызметтер;
- Шығыс материалдары, кабельдер, құжаттама, қаптама, бекітпелер, ақпарат тасымалдағыштар
- Ірпон өнімдерімен бірге жеткізілетін бағдарламалық жасақтама

Кепілдікті қызмет көрсету құқығы келесі жағдайларда жоғалады:

- Пайдалану, тасымалдау, сақтау қағидаларын сақтамау және арналымы бойынша пайдаланбау
- Дайындалған күннен бастап кепілдік мерзімі аяқталды
- Бұйымның сериялық нөмірін нақты анықтау мүмкін емес
- Авторландырылмаған жөндеу іздерінің болуы
- Шешілмейтін күш мән-жайларының, сондай-ақ кабель мен корпусың механикалық зақымдануының, бөгде заттар мен сұйықтықтардың, оның ішінде тоқ өткізгіш немесе жылу алмасуды бұзатын қоқыстардың (шаң, үгінділер және т.б.), жануарлар мен олардың тіршілік әрекетінің өнімдерінің және сатушы мен дайындаушыға тәуелді емес өзге де себептердің әсерінен туындаған ақаулардың болуы.

Өндіруші тікелей немесе жанама шығындарға, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, қапы жіберілген пайдаға, мүліктің бүлінуіне, басқа өндірушілердің кез келген жабдығының зақымдалуына, оларды бұйыммен бірлесіп пайдалану

Жабдықты тіркеу

Ірроп жабдығыңызды* және оған батарея блоктарын <https://irron.ru> сайтында тіркеңіз. Тіркеу кезінде кепілдік мерзімі 12 айға ұлғаяды (құрылғылар құрамындағы АҚБ-ға қолданылмайды).

Тіркеу пайдалануға енгізілген күннен бастап 3 айдан кешіктірілмей жүргізілуі мүмкін.

** тіркеу келесі жабдық үшін мүмкін: Innova Modular, Innova RT II 33, Innova RT 33, Innova RT 10K/20K және кез келген өзге де үш фазалы модельдер*



ДАЙЫНДАУШЫ:

Ниппон Клик Системс Лимитед

Мекенжайы: Куиджано Чэмберс, а/ж 3159, Роуд Таун, Тортала,
Британдық Виргин Аралдары
Қытайда жасалған

Nippon Klick Systems Limited

Address: Quijano Chambers, P.O.Box 3159, Road Town, Tortola,
British Virgin Islands
Made in China

Ниппон Клик Системс Лимитед

Адрес: Куиджано Чэмберс, а/я 3159, Роуд Таун, Тортала, Британские
Виргинские Острова
Сделано в Китае

Импортёр және тұтынушылардан шағым қабылдауға уәкілетті ұйым:

«Мерлион» ЖШҚ

Ресей, Мәскеу облысы, Красногорск қ., Строители бульвары, 4-үй

LLC «Merlion»

Boulevard Stroiteley, Building 4, Krasnogorsk, Moscow Region, Russia

ООО «Мерлион»

Россия, Московская обл., г. Красногорск, б-р Строителей, д.4

Құрылғы туралы толығырақ ақпарат алу үшін келесі сайтқа кіріңіз:
www.ippon.ru

Өндіруші тауардың жиынтықтамасын, техникалық сипаттамаларын және
сыртқы көрінісін өзгерту құқығын өзіне қалдырады.
Кепілдік мерзімі: кепілдікті шарттарға сәйкес 2 жыл.
Қызмет ету мерзімі: пайдалану шарттарына байланысты 7 жылға дейін.



V2.2024